Лексикалық тақырып: «Ақшаны үнемдей білесіз бе?»

ОҚЫЛЫМ. 3-тақырып.

Ақшаны үнемдей білесіз бе?

Көп ақша табу - батырлық, оны сақтау - ақылдылық, ал үнемдеп жарата білу - өнер...

Б. Авербах

Ақшасыз бір қадам аттай алмайтынымыз ақиқат қой. Алайда, көбіне ақшаны үнемдеп ұстай алмау кесірінен қиындыққа тап болып жатамыз. "Теңге тиыннан құралады" демекші, аз ақшаны ұстай білуге өз-өзімізді үйретейік.

Осы орайда, ақшаны қалай үнемдеп ұстауға болатыны туралы бірнеше кеңесті оқыңыз.

1. Түртіп алып отырыңыз.

Кез келген затты сатып алғанда, жазып отыратын кітапша арнаңыз. Тіпті, жолыңызға кеткен 50 тиынды да түртіп алыңыз. Аптаның не айдың соңында кітапшаңызды ашып қараңыз. Бұл өз-өзіңізге есеп беруді үйретеді. Кейін босқа кеткен ақшаңызға ішіңіз күйіп, ақшаны үнемдеуге дағдылана бастайсыз.

2. Су мен қуат көзін үнемдеңіз.

Жуынуға кем дегенде 3 минут кетеді. Осы уақыт ішінде крандағы қанша су бостан-босқа ағып кететініне назар салыңыз. Тіс шайғанда, кранды тыйып қойыңыз. Керек кезде ғана, кранды ағытып тұруға үйреніңіз. Краныңыз бұзыла бастаса, дереу жөндетуге асығыңыз. Себебі, кран бұзылғанда, көп су текке ағып кетеді. Түнде жатарда бөлмелерді аралап, жарықтың сөнгенін қадағалаңыз. Жарықты жағып қойып, ұйықтап кететін кездер әлбетте, аз емес. Міне, дәл осы сәттер қалтаңызды жаймен жұқарта береді. Сондай-ақ, қуат көзін керек ететін заттарды пайдалағанда да, мұқият болыңыз. Мысалы, үтіктеп отырғанда, телефон шырылдаса, үтікті суырып барып, телефонға жүгіріңіз.

3. Тамақ сатып алғанда...

Зерттеушілердің айтуынша, әлемдегі адамдардың басым көпшілігі тамақты тоңазытқышқа сақтап қойып, кейін оны пайдаланбай-ақ, лақтыра салады екен. Пайдасыз болып қалған соң, лақтырмағанда қайтсін?! Яғни, көп тамақ сатып алған соң, азық таусылғанша сақталып тұрған тамақтар жеуге жарамсыз болып қалады. Мысалы, қарапайым картопты көп етіп алсаңыз, мөшектің астында қалып қойған картоптар күн өткен сайын шіри береді. Кейін оны пайдаланбай-ақ, лақтыруға тура келеді. Сондықтан, тамақ сатып алғанда өте ұқыпты болыңыз.

4. Өз-өзіңізге шектеу қоя біліңіз.

Кез келген затты сатып алмас бұрын, бағаларын салыстырыңыз. Бұл сіздің сараңдығыңыз емес, сауаттылығыңыз. Әсіресе, қымбат тұратын заттардың бағаларын салыстырыңыз. Бір жерде 150 мың теңге тұратын

ноутбуктың дәл осы моделі басқа бір дүкенде жеңілдікпен 100 мың теңгеге сатылып жатуы әбден мүмкін.

Ақшаны ақылмен жұмсайық. Біз қанша жерден «ақша қолдың кірі» дегенімізбен, ақша – тіршілігіміздің бір бөлшегі. Адамдар ақша табу үшін жанталасады. Ақша табу үшін қызмет істейді. Ал сол ақшаны да адам өз игілігіне жұмсай білуі керек. Бірақ тапқан табыстың басым бөлігін ойын-сауыққа, ішіп-жеуге, арақ-шарапқа жұмсауға болмайды. Онда қалтаңыздағы қаржының берекесі кетеді.

Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/1700/

Мәтінге тапсырма:

1. **Мәтінді мәнерлеп оқыңыз, аударыңыз.**
2. **Мәтінді мазмұндаңыз.**

ЖАЗЫЛЫМ

Төмендегі сұрақтар бойынша өз пікіріңізді жазыңыз.

1. Ақшаны үнемдей білесіз бе? Тарықпай өмір сүру үшін не істеу керек?
2. Сіздердің ойларыңызша, ақшаны қалай үнемдеген дұрыс?
3. Ақшаны қалай үнемдеу керек және қандай жағдайда үнемдеудің қажеті жоқ?

СТУДЕНТТІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫ (СӨЖ).

ЖАЗЫЛЫМ.

1. **Банкте тақырыбы бойынша диалог құрастырыңыз** (*Ақша алу, аудару, банк қызметін пайдалануға* қатысты сөздерді пайдаланыңыз).